

Ә. Нұршайықовтың шығармаларындағы махаббат тақырыбы.

*Нұрымбаева Қарлығаш,
филология ғылымының кандидаты*

Қазақ әдебиетінің тамыры терең көне кезеңдердегі тарихынан сыр тартсақ, алдымен – жастық жырлары, достық сырлары, махаббат дастаны ойға оралар еді. Бұл айтылғандарға ұлт руханиятынан, қазақ сөз өнерінің әр кезеңінен, әдеби жанрлардың бәрі-баршасынан алуан дерек көздері мен мысалдарды көптеп келтіруге болады (айталық, халық әдебиетіндегі лиро-эпостық туындылар, ежелгі жәдігерлер мен ақын- жырғаулар мұрасы, әл-Фарабиден – Абайға, Әуезов әлеміне ұласқан ғажайып ғаламаттары т.т.).

Өмірде, өнерде- қасиетті атау- ұғымдар, өзекті тақырыптар өте көп. Жастық, достық, махаббат тақырыптары- адамзат тарихында көп сөз болып, әр қырынан жырланған. Адам өмірінің айрықша кезеңі, қызуы мен қызығы мол, сенім мен сезімнің сәулелі сәті- жастық, достықтан бастау алып, махаббат мерейіне ұласары хақ. Осы ретте, ұлы ойшылдар ойларына кезек берсек, көп жайларға қанығамыз.

- Ақыл мен жас толысқан жағдайда ғана достық берік бола алады (Цицерон).
- Достарды туыстық байланыстары емес, мүшелер ортақтығы туыстырады (Демокрит).
- Достық сенімсіздік басталған жерде бітеді (Сенека).
- Нағыз дос қана өз досының осалдықтарына төзе алады (У.Шекспир).
- Сүйіспеншіліктен сүйіспеншілік туады (Софокл).
- Махаббатсыз тіршілікте жан жоқ (И.Гете).
- Махаббат құдіреті – жер жүзіндегі күллі ізгі, таза, риясыздық атаулының қайнар көзі (Ж. Сталь).
- Азап пен мекнатты адал махаббат жеңеді (Ф.Шиллер).

Бұл даналардың сөзі қай -қайсысы да өмірден, тәжірибеден туындаған. Әрбір сөз, ондағы ойлар мен толғаныстар- алуан ізденіс, шабытты шақ, ерен еңбек жемісі. Өмірдің алтын арқауы- достық пен жастық көріністері, махаббат мәселесі қазір де өткір, көкейкесті.

Адам әлемі, мұраты- шексіз. Жазушы Ә.Нұршайықов шығармашылығында- адамдық іс, әділетті әрекет, берік достық, жастық салтанаты, мөлдір де мәңгілік махаббат тақырыптары адамдар арасында, өмір-тұрмыста, еңбек, қатынас үстіндегі көрініс- сипаттарымен мәнді, қызықты, тартымды суреттеледі. Өмір, өнер шындығы табиғи өріс алады.

Қазақ үшін әдебиет пен өнер атты қос ұғымның арасында анау айтқан алшақтық жоқ. Ал, ұқсастығы- екеуінің де адам жанына жақсылық егуі арқылы тәрбие төңірегінен табылуы дер едік. Бүкіл адамзат тарихында «Ұлы қазан төңкерісі» деген атаумен белгілі болған кезеңнен бергі жердегі қазақ әдебиеті өсіп- өркендеп жатса, оның сыры әдебиетіміздің өз тамырын сол ұлттық өнерден алуында болса керек. Екеуінің де асыл мұраты- жақсылыққа үйрету, жамандықтан жиренту, сұлулыққа, оның ішінде жан сұлулығына баулу. Бүгінгі

суреткер өз оқырмандарын өнер туындысымен тәрбиелеп, өнер үлгісін берумен алдыңғы буын ағаларының аманатына адалдық танытып жатыр десек, әсте қателесе қоймаспыз. Әзілхан Нұршайықовтың әдебиетке келгендегі әу бастағы мұраты- осы адам тәрбиелеу мәселесімен ұштасып жатады.

Ә.Нұршайықов шағын жанрдағы әңгіме- повестерімен бірге «Махаббат, қызық мол жылдар» романында замандас тұлғасын биік белеске көтереді. Оған роман туралы ұнамды көзқарас, ой- пікірден де көз жеткізуге болады. Айталық, профессор Т.Нұртазин: «...Бұл романның өзіне тән үш қазығы бар. Олар- махаббат, достық, адамгершілік. Жазушы өзінің өнер өрмегін осы үш қазық бойымен тарқатып отырады (Жас ұрпаққа үлгі болар туынды.- «Қазақстан мұғалімі», 1972, 15 маусым) десе, профессор Т.Кәкішев: «Бұл романда бар адамзатқа тән махаббат сезімі бүгінгідей анайыланбай, «жалаңаштанбай, қазақы мінезімен, қазақы қылықсипатымен суреттелген» (Шынайы өмір жаршысы.- «Қазақ әдебиеті», 1992, 4 желтоқсан), ал зерттеуші Б.Сахариев: ... «соңғы жылдардағы елеулі құбылыс таңдаулы, тамаша туынды: махаббат (Ербол, Меңтай) пен зұлымдық (Тұмажан) жайында дастан деп бағалау әбден орынды деп көрсетіледі [1,1896]. Осы ой- пікірлерден –ақ аталмыш романның онды қырлары, өмір- уақыт тынысы, ең негізгісі жазушы Ә. Нұршайықовтың қаламгерлік келбеті, ұстаным – мұраттары, өмір шындығын өнер тіліне көшірудегі шеберлігі мен шешендігі, өзіндік ерекшеліктері жан-жақты танылады. Өмір оқиғалары мен уақыт тынысында кейіпкерлердің іс-әрекеттерінде аса бір алшақтық, үстірттік пен жасандылық байқала бермейді. Керісінше, тақырып табиғаты, өмір оқиғаларының шынайылығы мен шеберлік сабақтары көңілге қонымды ұялап, романның рухани байлығын арттыра түседі.

Алайда, Ә. Нұршайықов шығармашылығында- адалдық пен адамгершілік, сыр- сезім табиғаты, яки моральдық- этикалық мәселелер шынайылық сипаттар арқылы кең өріс алады дей тұрсақ та, бұл жайттар өмір-тұрмыс суреттерімен табиғи астасып, содан үндестік, үйлесім тауып жатады. Айталық, «Ботагөзде» - келісті, көркем жігітке қызығып, соңынан сол сезім- көзқарасына алданған, жаны жараланған бойжеткен Ботагөздің өмір сабағы қалың көптің назарына ұсынылады. Ақыл мен ажардың тең келмей, жеңілтектіктің ащы сабағы- Ботагөз өміріне арқау етіледі. Керісінше, Асылгүл («Махаббат жыры»), Ғайни («Ғажап адам») бейнелері адамдық болмысымен, жан сұлулығы, сезім сырларымен назар аудартады. Автор бұл тұстарда өмір оқиғаларын шындық сырларымен табиғи өрбітіп, сол арқылы тақырып табиғатын, кейіпкерлер жүйесін, олардың өзара үйлесім- сипаттарын көркем, бейнелі баяндайды.

Дәл осы бағыт- сипаттар Ә. Нұршайықовтың жастар конференциясын арқау еткен- «Талқы», колхоз еңбекшілерінің өмір- тұрмысын суреттейтін – «Комбайыншы», аудан өміріне арналған- «Алыстағы ауданда», М. Мәметова ерлігін сипаттайтын- «Майдан жазбаларында», гвардия полковнигі Б.Момышұлы қаһармандығын роман- диалог үлгісінде көрсеткен- «Ақиқат пен аңыз», жастық пен достық, махаббат мерейін асқақтатқан- «Махаббат, қызық мол жылдар» романы, әдеби портреттер мен естелік- әңгімелер топтамасы- «Автопортрет», қойың дәптерлер сыры- «Өмір өрнектері», жас қаламгерлер

ұстазы, азамат-жазушы М. Иманжановтың қысқа ғұмырына негізделген- «Қаламгер және оның достары» т.с.с.шығармашылық мұраларының басты өзегін құрайды.Ең бастысы, Ә.Нұршайықов қайсыбір туындысында да адам әлемін, оның өмірі мен еңбегін жан- жақты көрсетіп, осының негізінде жеке тұлғаның адамгершілік сипаттарын көркемдікпен, шын шеберлікпен, шынайы сезіммен жеткізеді.Жазушы еңбегі мен ондағы өмір-уақыт тынысының кезең көріністері, адам факторы, адамгершілік мұрат пен құндылықтар кең орын алады.

Әзілхан Нұршайықов- көркем әдебиетке құлап ұрған кезде-ақ ұлт адамдарының жарқын істері жайлы, олардың ішкі жан- дүниесінің сұлулығы жайлы, туған Отанға сүйіспеншілігі жайлы толғана жазуды мұрат тұтқан қаламгер.Барлық қазақ жазушылары сияқты ол да адамгершілікті, жаңа адамға лайық адамгершілікті жырлау, дәріптеу міндегін мақсат тұтты.Уақытты, дәуір шындығын көркем сөзбен бейнелеуге ұмтылады.

Қаһармандықты жырлау сонау Гомер заманынан бастау алады десек, Әзілхан Нұршайықов та өзінің міндетін анық, шын қаһарманды дәл танып, қалың көпшілікке таныстыру деп түсінеді.

Қаһармандық- бұл бүгінгі өміріміздің де анық белгісі.Қаһарман тек әр заман, әрқилы уақыт өлшемімен өлшенеді, бейнелі, белгілі бір үлгіге айналады.Оның очерктері мен көлемді мақалаларының кейіпкерлері шын мәнінде өз дәуірінің, өз уақытының қаһармандары болатын.

Бір қызығы, сол алғашқы очерктерінен- ақ Әзілхан Нұршайықов жасанды сұлулыққа, әсіресе қызылға ұмтылмайды.Не мәселені көтерсе де оқиғаны нақты өмірден алады, адамдардың жан құбылысын, мінез- құбылысын көркем кестелеуге қадам жасайды.Оның очерктерінің көркем әңгіме деңгейіне көтерілуінің басты сыры осында болса керек. Тағы бір тоқталып кетер мәселе, Ә.Нұршайықов жасық, осал, күйрек адамдарды өз шығармаларына кейіпкер етіп алмайды. «Махаббат, қызық мол жылдар» романында негізінен романтикалық кейіпкерлердің кең көрінісін табатынының негізгі сыры осында.

Әзілхан Нұршайықов қасиетті қаламы арқылы өз дәуірін тарихқа айналдырды.Ерте есейген еңселі елдер мен тамырын тарихтың терең қойнауларынан тартқан тағлымды жұрттардың қай-қайсысы да өткен күнге ой көзімен қарайды. Кешегісін айтқанда келешегін ойға алып отырады.Осы тұрғыдан келгенде, «Махаббат, қызық мол жылдар» романы да тарихқа, ұлт тарихына, ұлт мәдениетінің тарихына айналып барады.Ендеше, біз романды бүгінгі күннің талқы таразысынан өткізгенде ондағы кейіпкерлердің өмір сүрген уақытын да есімізден шығармауымыз керек.Бұл өткенді естен шығару болып табылады.

Міне, Әзілхан Нұршайықов- «Махаббат, қызық мол жылдар» романын жазарға дейін осындай өмір жолынан өтіп келген қаламгер.Оның қаламынан шыққан көркем туындылар әдебиетсүйер қауым тарапынан ыстық ықыласқа, үлкен қызығушылыққа ие болып жатса, оның ең бірінші себебі жазушының өмір көргендігіне, сол көргенін өнермен өре білетіндігінде болса керек.Бөліп айтар жайт: Ә.Нұршайықов шығармашылығынан өмір шындығы кеңінен

көрініс береді. Уақыт бедері, еңбек тынысы нанымды әсер етеді. Өмір уақиғасы, кезең көріністері адам мұраты мен еңбегі жалаң- жадағай, үстүрт суреттелмейді, керісінше бір- бірімен стене байланыста өріс алады. Бәрі де нақты әрі нанымды. Әсіресе, жазушының бай тәжірибесі өмір шындықтарын кеңінен қамтып, жүйелі де дұрыс шешім қабылдауына көркемдік пен шеберлік, шешендікке құруынан да танылады. Сол себепті де жазушы туындылары, жеңіл тартымды оқылады. Қалың көптің қызығушылығын туғызып, қайта басылым көріп, қалың көппен жылы лебіз, хабар- ошарларды жиі алады.

Өмір шындығының шынайы өнер туындысына айналуының бір сыры- осы.

Пайдаланған әдебиет:

1. Сахариев Б. Күрескер тұлғасы.- Алматы: Жазушы, 1979.- 189 б.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы художественного осмысления тему любви в произведениях писателя Азилхана Нуршаихова. Особое внимание обращается на художественного своеобразие в создании образов молодых героев современности.

Resume

Problems of the artistic comprehension subjects love are considered in article in making the writer Azilxana Nurshaihova. Emphases addresses an artistic figure creation image of the young heraes to contemporaneity.

Özet

Bu makalede Azilhan Nurşaikovin aşkı hakkındaki ilginç fikirleri söyleyen ve onun genç kahramanlarnı kurudağı ilginç hikayeleri hakkında.

Кімде- кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

М. Әуезов
